

"Тәжікстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Қазақстан Республикасы мен Исламиттер имаматы арасындағы Орталық Азия университетін құру жөніндегі шартқа хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 932 Қаулысы

Ескерту. Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламентінен кері қайтарып алынды - ҚР Үкіметінің 2010.03.26 № 238 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Тәжікстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Қазақстан Республикасы мен Исламиттер имаматы арасындағы Орталық Азия Университетін құру жөніндегі шартқа хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Тәжікстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Қазақстан Республикасы мен Исламиттер имаматы арасындағы Орталық Азия Университетін құру жөніндегі Шарт Хаттамасын ратификациялау туралы

2008 жылғы 12 наурызда Астана және 26 мамырда Париж қалаларында қол қойылған Тәжікстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Қазақстан Республикасы мен Исламиттер имаматы арасындағы Орталық Азия Университетін құру жөніндегі Шарт Хаттамасы ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Тәжікстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Қазақстан Республикасы мен Исламиттер имаматы арасындағы Орталық Азия Университетін құру жөніндегі

ш а р т қ а

ХАТТАМА

Қазақстан Республикасы мен Исламиттер имаматы (бұдан әрі "Тараптар" деп аталатындар) Тәжікстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Қазақстан Республикасы мен Исламиттер имаматы арасындағы Орталық Азия Университетін құру жөніндегі шартта (бұдан әрі - Шарт) қолданылатын терминдерді бірыңғай қолдану мақсатында төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Шартта және Орталық Азия Университетінің Жарғысында (Шартқа А қосымшасы) пайдаланылатын "салықтар" деген термин қазақстандық Тарап үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді білдіреді.

2-бап

Осы Хаттама Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

3-бап

Осы Хаттамаға Қазақстан Республикасы Астана қаласында (Қазақстан) және Исламиттер имаматы Париж қаласында (Француз Республикасы) қол қойылған данасын кейіннен басқа Тарапқа қол қоюға жіберіп, бір жақты тәртіппен қол қойылуы мүмкін. Осы Хаттамаға соңғы қол қойған Тараптың қол қойған күні оған қол қойылған күн болып саналады.

4-бап

Осы Хаттама Исламиттер имаматы Қазақстан Республикасының оны ратификациялағаны туралы қазақстандық Тараптың жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап күшіне енеді.

5-бап

Осы Хаттама екі данада, әрқайсысы қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруде алшақтықтар туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Қазақстан Республикасынан Исламиттер имаматынан

Қала _____

Қала _____

Күні 12.03.2008

Күні 26.05.2008